№235 Авторлық (лицензиялық) келісімшарт

Астана қ. «28» 08 2023 ж.

Бұдан әрі «Баспа» деп аталатын «Фолиант» баспасы» ЖШС (2002 жылғы 21 қаңтардағы №11175-1901-ТОО мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) Жарғы негізінде әрекет ететін директор Исабеков Нұрлан Сәрсенбіұлы тұлғасында бір тараптан және бұдан әрі «Автор» деп аталатын, [redacted], Қазақстан Республикасының азаматы Жунисбеков Болат Жунисбекович, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар төмендегілер жөніндегі осы Келісімшартты (бұдан әрі мәтін бойынша – Келісімшарт) жасасты:

1. Келісімшарттың мәні

1.1. Осы Келісімшарттың талаптары бойынша **«Менің Фаризам»** деп аталатын қазақ тіліндегі туынды авторы **Бахтыгереева Акуштап Бахтыгереевна** (бұдан әрі – Автор) осы «Туындыны» Баспаға ақылы түрде пайдалануға айрықша құқығын береді және Баспа осы ұсынылған айрықша құқықты қабылдайды және «Авторға» авторлық сыйақы төлейді.

1.2. Осы Келісімшартқа сәйкес «Автор» «Баспаға» 3 (үш) жыл мерзімге «Туындыны» әлемнің кез келген аумағында шектеусіз пайдалануға айрықша құқықтарды береді.

1.3. «Туындыға» айрықша құқық бергені үшін «Баспа» «Авторға» авторлық сыйақы төлейді. Авторлық сыйақыны төлеу мөлшері мен тәртібі осы Келісімшарттың ажырамас бөлігі саналатын №1 Қосымшасында қарастырылған.

1.4. «Автор» «Туындының» түпнұсқасын «Баспаға» қолжазба түрінде және/ немесе .doc, .rtf, .docx, .odt, .gdoc, pages немесе электрондық құжаттарға арналған әрі Тараптармен келісілген басқа форматтағы файл түрінде береді.

2. Құқықтар көлемі және Туындыны пайдалану шарттары

2.1. «Автор» «Баспаға» «Туындыны», оның ішінде үзінді ретінде бөлек және/немесе басқа туындылармен (жинақтарда) бірге пайдалануға айрықша құқықтарды мынадай тәсілдермен береді:

2.1.1. Жазба/дыбыстық жазба түрінде, кез келген материалдық нысанда, соның ішінде компьютер жадына жазуды қоса алғанда, соның ішінде «Туындыны», яғни «Туындының» немесе оның бір бөлігінің бір немесе бірнеше данасын шығару;

2.1.2. «Туындыны» сату, өзгеше түрде иеліктен шығару, даналарын жалға беру жолымен тарату (бұл өкілеттік «Туындының» даналарын сату аяқталғаннан кейін тоқтатылады және Келісімшарттың жалпы мерзіміне байланысты болмайды);

2.1.3. «Туындыны» («Туынды» бөліктерін) аудару және басқа да өңдеу;

2.1.4. «Туындының» данасын көпшілік алдында көрсету;

2.1.5. Тарату мақсатында «Туындының» даналарын импорттау;

2.1.6. «Туындыны» көпшілік алдында орындау;

2.1.7. «Туындының» дыбыстық жазбасының эфир/кабель арқылы хабарлау;

2.1.8. «Туындыны» (оның дыбыстық жазбасын қоса алғанда) кез келген адамға кез келген жерде және өз таңдауы бойынша қалаған уақытында қолжетімді болатындай етіп көпшілікке жеткізу.

«Туындыны» осы тәсілдермен пайдалану көлеміне/санына шектеу қоюсыз жүзеге асырылады.

Келісімшарттың 2-тармағындағы «Туындыны» материалдық жеткізгіште шығару, тарату, эфир/кабель арқылы хабарлау, «Туындыға» құқықтардың негізгі қолданылу мерзімі

аяқталғаннан кейін көпшілікке жеткізу жолымен «Туындыны» жазба (электрондық кітап) және аудиожазба (аудиокітап) нысанында пайдалануға қатысты ережесі № 1 Қосымшада көрсетілген «Баспаның» «Туындыны» пайдаланудан түскен табысынан % төлеу шартымен бір жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

Егер Келісімшарт тараптарының ешқайсысы Келісімшарттың негізгі мерзімі аяқталғанға дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей оны ұзартудан бас тарту туралы хабарламаса, осы тармақтың 2-абзацының ережесі жарамды болады.

«Туындының» дыбыстық жазбасын аудиовизуалды туындының құрамында пайдалану құқығы (Келісімшарттың 2.1.7-тармағы) «Баспаға» бүкіл мерзімге және Туындыға айрықша құқықтың қолданылу аумағына қатысты беріледі.

2.2. «Баспа» берілген құқық көлемінде «Туындыны» пайдаланған кезде төмендегілерді өз бетінше жүзеге асырады:

2.2.1. «Туындыны» редакциялауды, рецензиялауды, безендіруді, оның ішінде мұқабаны иллюстрациялауды және безендіруді, «Туындыға» түсініктеме, сілтеме, пікір, алғысөз, соңғы сөз жазуды, қаріп таңдауды;

2.2.2. «Туындының» даналарына өзін дараландыратын құралдарды, жарнаманы және басқа да өнімдерін, жұмыстарды орындайтын, қызметтер көрсететін және «Баспа» өнімдерін сатуға өзге де жолмен қатысатын контрагенттер туралы өзге де ақпаратты орналастыруды;

2.2.3. Берілген құқық шегінде пайдалану тәсілдері мен кезеңділігін, оның ішінде таралым мөлшерін, тасымалдаушыларды, «Туынды» даналарының техникалық сипаттамаларын (пішімі, нысаны, безендірілуі, жазу пішімі, түстілігі, түптеу түрі, қағаз түрі және дайындау/пайдалану технологиясына, тасымалдаушыға, «Туындының» сыртқы түріне қатысты басқа да параметрлерін) айқындауды;

2.2.4. Қосымша сыйақы төлемей, Автордың суреттерін «Туындының», «Автордың» немесе «Баспаның» жарнамасына пайдалануды;

2.2.5. «Авторға» төленетін сыйақы есебінен «Баспа» «Туындыны», «Авторды» жарнамалау мақсатында кез келген тәсілмен «Туындының» 10% мөлшеріндегі кез келген үзіндісін пайдалануға құқылы;

2.2.6. «Туындыны» түпнұсқа атаумен де, өзгертілген атаумен де пайдалануға құқылы. «Баспа» «Авторды» «Туынды» атауының өзгергені туралы хабардар етеді;

2.2.7. «Туындының» дыбыстық жазбасын дыбыстық сүйемелденетін және бір-бірімен байланысты, сондай-ақ техникалық құрылғылардың көмегімен көру және естуге арналған суреттер топтамасынан тұратын аудиовизуалды шығарма құрамында пайдаланады.

2.3. «Баспа» «Туындының» құқықтарын үшінші тұлғаларға бере алады және «Баспа» құқықтарды үшінші тұлғаларға бергені үшін түскен пайданың 25%-ын «Авторға» төлейді. «Автор» осы Келісімшарттың әрекет ету мерзімі ішінде «Баспаның» жазбаша келісімінсіз «Туындыға» құқықтарды үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

2.4. Басуға жіберер алдында «Туындының» дайын түпнұсқа-макетін «Автормен» келісу талап етілмейді.

2.5. «Автор» осы Келісімшартқа қол қоя отырып, осы Келісімшартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген әрекеттерді жасау үшін өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімін береді. Осы Келісімшартқа қол қойылған күннен бастап «Автордың» дербес деректері бар тиісті ақпаратты және/немесе құжаттарды сақтау мерзімі аяқталғанға дейін немесе осы Келісімшарт жазбаша нысанда кері қайтарып алынған күнге дейін қолданылады.

2.6. «Баспа» осы Келісімшарт бойынша өзіне берілген құқықтардың, оның ішінде оның құқықтарына әсер етуі мүмкін кез келген құқықбұзушылықтарды сотта қудалау жолымен қорғалуын қамтамасыз етуге құқылы.

3. Кепілдіктер

«Автор» «Баспаға» төмендегілер жөнінде:

3.1. «Туындыға» айрықша құқық өзіне ғана тиесілі екеніне;

3.2. «Туындыға» айрықша құқық (толық немесе ішінара) кепілзат болып саналмайтынына, үшінші тұлғалар таласып дауламайтынына, «Баспаның» «Туындыға» айрықша құқығын

пайдалануына кедергі келтіретін Келісімшарт/өзге де негіз бойынша ешкімге берілмейтініне, үшінші тұлғалардың тарапынан қарсылық туындамайтынына;

3.3. Туынды «Автордың» түпнұсқа туындысы саналады және ол «Туындыны» тұтастай және онын кез келген құрамдас бөлігін (егер ол пайдаланылса), оның ішінде иллюстрацияларды, кейіпкерлердің аттары мен сипаттамаларын және т. б. пайдалануға барлық қажетті өкілеттіктерге ие екеніне, «Туынды» Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзбайтынына, оның құрамында Қазақстан Республикасының заңнамасында таратылуына тыйым салынған үгіт-насихат, экстремизм мен теріс ақпараттың жоқтығына және «Туындыны» пайдалануға кедергі келтіретін және/немесе «Баспаны» «Туындыны» пайдалануға қосымша рұқсаттар/лицензиялар алуға міндеттейтін өзге де мән-жайлардың болмайтынына кепілдік береді.

3.4. «Автор» Келісімшарттағы деректердің (жеке тұлғасын сәйкестендіретін деректер, «Автордың» салық мәртебесі, мекенжайы және банк реквизиттері) дұрыс көрсетілгеніне кепілдік береді. «Автор» деректемелерінің ауысқаны туралы «Баспаға» дереу хабарлауға міндеттенеді.

3.5. «Автор» «Туындыға» қатысты қандай да бір кінәрат-талаптар туындаған жағдайда мұндай кінәрат-талаптарды «Баспаға» дереу хабарлауға, ал қажет болған жағдайда «Баспаға» дауды реттеуге көмектесуге кепілдік береді.

3.6. «Автор» «Туындыны» Келісімшартта көзделмеген тәсілдермен пайдаланған кезде, сол сияқты «Баспаға» берілген «Туынды» құқықтарының мерзімі өткеннен кейін «Баспаның» жазбаша келісімінсіз «Авторға» тиесілі емес («Туындының» түпнұсқа-макетін, толық және ішінара болсын, мұқабасын қоса алғанда) «Туындының» қолда бар рәсімделген даналарын қолданбауға, қолдануға ұсынбауға және үшінші тұлғаларға бермеуге кепілдік береді. Осы тармақтың шарттары мерзімсіз уақытқа жарамды.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар Келісімшартты бұзғаны үшін оның талаптары мен Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жауапты болады.

4.2. «Автор» осы Келісімшарттың 3-бөлімінде берілген кепілдіктерді бұзған жағдайда, осы Келісімшарттың №1 Қосымшасында айқындалған сыйақының толық сомасы мөлшерінде жауапты болады: бұл оны қазақстандық заңнамада көзделген көлемде «Баспаға» келтірілген залалдарды өтеуден босатпайды. Көрсетілген соманы «Автор» «Баспа» тарапынан шағым түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде «Баспаға» төлеуі тиіс.

5. Форс-мажор

5.1. Егер Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындамау не тиісінше орындамау «Тараптардың» еркінен және мүмкіндіктерінен тыс жағдайлар (форс-мажор) салдарынан орын алса, «Тараптар» өз міндеттемелерінен босатылады. Мұндай мәселе туындаса, «Тараптардың» міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар аяқталғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

5.2. Форс-мажорлық жағдайға ұшыраған «Тарап» 5 (бес) күндік мерзімде екінші «Тарапқа» оның басталғаны және аяқталғаны туралы ескертуге міндетті.

6. Келісімшарттың қолданылу мерзімі, оған өзгерістер енгізу, дауларды шешу және бұзу тәртібі

6.1 Осы Келісімшарт «Тараптар» қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 5 жылға дейін жарамды болады.

6.2. Барлық өзгерістер мен толықтырулар «Тараптардың» уәкілетті өкілдері қол қоятын және осы Келісімшарттың ажырамас бөлігі саналатын қосымша келісімдер түрінде жасалады.

6.3. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға қатысты қайшылықтар туындаған жағдайда «Тараптар» оларды келіссөздер арқылы шешу үшін барлық қажетті шараны қабылдайды. «Тараптар» дауларды шешудің ортақ тәсілдерін таба алмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7. **Қорытынды ережелер**

7.1. Осы Келісімшарт Тараптардың әрқайсысы үшін екі бірдей данада жасалды.

7.2. «Баспа» қайта құру процесіне ұшыраған жағдайда осы Келісімшарт бойынша міндеттемелер тоқтатылмайды және оның құқықтық мұрагеріне өтеді.

7.2. Тараптар өздерінің реквизиттері мен мекенжайлары өзгерген жағдайда бір-бірін уақытылы жазбаша хабардар етуге міндетті.

БАСПА: **«Фолиант баспасы» ЖШС** ҚР, 010000, Астана қ., Ш. Айманов к-сі, 13 БИН 020140000742 ИИК KZ558560000000267305 БИК KCJBKZKX Астана қ., «Банк ЦентрКредит» АҚ КБЕ 17 Тел.: (717) 231-03-69 **Директор** _____ Исабеков Н.С.	**АВТОР:** **Бахтыгереева Акуштап Бахтыгереевна** [redacted] **Автор** _____ Бахтыгереева А.Б.

«28» 08 2023 жылғы

№235 Келісімшартқа

№ 1 Қосымша

Авторлық сыйақы төлеу

Жоғарыда аталған Келісімшарттың 1-бөлімінің 1.3-тармағына сәйкес «Баспа» «Авторға» [redacted] теңге мөлшерінде алдын ала төлем және «Туындыны» сату сомасының [redacted] мөлшерінде авторлық сыйақы төлейді.

«Авторға» төлем Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 30 (отыз) банктік күн ішінде толық мөлшерде төленеді.

Баспа Авторға сыйақыны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен төлемдерді шегере отырып береді.

«Баспа» «Авторға» Туындының 10 (он) данасын тегін беруге міндеттенеді.

Жазба түріндегі «Туындының» сатудан түскен роялтиі (2.1.7 және 2.1.8-тармақтарға сәйкес) «Туындыны» жазба түрінде сату бойынша қызмет көрсететін электрондық ресурстың «Баспаға» төлейтін сомасының [redacted] құрайды.

Тараптардың қолы

Баспа

Н.С. Исабеков

Автор

А.Б. Бахтыгереева